

Педагогикалық ынтымақтастықтың студенттердің оқу іс-әрекетін бақылау технологиясындағы заманауи бағдарламалық қамтамасыз ету

Скабаева Г.Н., Токашева Г.К., Зеленская А

Қазақ ұлттық аграрлық университет, Алматы, Қазақстан

Қашықтықтан оқыту жағдайында кеңінен пайдаланылатын студенттердің білімін бақылау мен бағалау түрлеріне: емтихан, межелік бақылау мен бақылау жұмыстары және жоба түрінде ұйымдастырылған дипломдық жұмыстар жатады. Сонымен бірге, қашықтықтан оқыту жағдайында тест жүйесімен бақылау студенттердің өзіндік бақылауын, оқытушының бақылауы мен оқу мекемесінің прокторинг жүйесі арқылы бақылауында пайдаланылады.

Оқыту процесінің сапасы мен табыстылығы тұтасымен алғанда, оқытуды тиімді ұйымдастыру мен әдістемелік және технологиялық сипатта пайдаланылған материалдардың сапасын, сондай-ақ, оқыту процесінің қатысушысы болып табылатын педагогтың педагогикалық шеберлігі мен жетекшілігіне тәуелді. Қазіргі білім берудегі цифрлық ресурстар кез келген көлемдегі және мазмұны жағынан әртүрлі болып келетін ақпаратты кез келген қашықтыққа жеткізу, оны сақтау, өңдеу мүмкіндіктерін ұсынады.

Дегенмен, студенттердің білімін бақылау мен бағалау оқыту процесінің негізгі құраушыларының бірі болғандықтан, жоғары оқу орындарында студенттердің білімін бақылау, бағалау және мониторингілеу жүйесін тиімді ұйымдастыру мәселесі күн тәртібінен түспей келеді.

Білімді бақылау, бағалау және мониторингілеудің әртүрлі типтері ауызша және сөйлеу қарым-қатынасындағы кемшіліктердің орнын толтыруы немесе оны алмастыруы тиім, өйткені офлайн оқытуда айтарлықтай орын алады, ал қашықтықтан оқытуға жүзеге асырылмайды деуге болады.

Цифрлық ресурстардың көмегімен қашықтықтан оқыту жағдайында оқытудың айырымдық ерекшелігі оқушылардың жазу тілін дамытуға бағытталады. Ауызша диалог арқылы жүзеге асырылатын ауызша фронтальдық сұрау тәрізді офлайн оқытудағы білімді бақылау мен бағалау әдістерін қашықтықтан оқыту жағдайында жүргізу айтарлықтай қиындықтар туғызады, бірақ оны жазбаша түрде жүзеге асырылатын білімді бақылау мен бағалаудың әртүрлі әдістерімен алмастыруға болады.

Бақылау мен бағалау тапсырмаларын жасау оқытушыдан педагогикалық шеберлікті талап етеді, ол белгілі бақылау құралдары мен түрлерін қаншалықты меңгергеніне және ойлаудың нақты болуына байланысты (ой нақты болуы тиіс және бұл өз кезегінде сөздің нақты болуын талап етеді, ал сөздің нақтылығы сапалы, ұғынықты диалог жүргізудің тірегі болып табылады). Сонымен қатар, педагогтің шығармашылық сипаттағы жаңа жұмыс түрлерін іздеп табуға деген үздіксіз ізденісі материалды оқыту әдістемесін жетілдіруге мүмкіндік береді де, орындаған жұмыстың нәтижесі білімді бақылау мен бағалау жүйесінен көрініс табады[1].

Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің білімін бақылау мен бағалауды жүзеге асыруға бағытталған цифрлық ресурстардың көмегімен орындалатын бақылаудың жаңа әдістері мен түрлері пайдаланылады.

Қазіргі уақытта нарықта студенттердің білімін бақылау мен бағалауға арналған цифрлық ресурстар жиынтығы ұсынылған. Цифрлық ресурстарды таңдау бақылау мен бағалаудың алдына қойылған мақсаттары мен міндеттеріне тәуелді.

Білімді бақылау мен бағалау үшін цифрлық ресурстар арқылы жүзеге асырылатын тапсырмалар түрлерін қарастырайық [2].

Кеңінен таралған тапсырмалар түрлеріне: көп нұсқаның бірін таңдауды ұсынатын тапсырмалар, жауабы бекітілген тапсырмалар, тізбек ретін немесе сәйкестілікті тағайындау тапсырмалары, пікір жазуға арналған тапсырмалар (peer review).

Енді студенттердің білімін бақылау мен бағалауға, мониторингілеуге арналған әртүрлі типті тапсырмалар құруға болатын цифрлық ресурстарды қарастырайық.

1. Kahoot онлайн платформасы. Бұл платформа әртүрлі тест тапсырмалары арқылы студенттердің білімін бақылау мен бағалауға арналған. Жүйенің жұмысы kahoot.com сайтында жүргізіледі. Kahoot платформасын қандай жағдайда пайдаланған тиімді? Студенттердің саны өте көп болған жағдайда (мысалы, аудиторияда 100-120 студент болған кезде) және оқытушы бақылау жұмысын жүргізіп, тексеруге үлгермейтін жағдайда, Kahoot викториналарын пайдаланған ыңғайлы. Оқытушы интерактивті тақтаның көмегімен өз экранын демонстрациялайды, ал студенттер Интернетке кіру мүмкіндігі бар өздерінің қолдарындағы смартфон, планшет немесе ноутбук құралдарының көмегімен сайтына кіріп, берілген пин-кодты енгізеді. Сонымен, Kahoot платформасында студенттердің білімін тексеру екі сайттың көмегімен жүзеге асырылады. Оқытушы play командасын таңдағанда ойын тәсілін таңдау терезесі пайда болады. Бұл терезеде Teach командасын таңдау арқылы ойын коды алынады. Осы кодпен студенттер ойынға қосылады.

Тестілеу нәтижесі MS Excel қосымшасында автоматты түрде есеп ретінде қалыптасады. Есептер Reports бөлімінде орналасқан. Мысалы, есептен жүргізілген ойындардың санын, жүргізілген уақыты мен күнін, сондай-ақ, басқа да ақпараттарды көруге болады. MS Excel кестесіндегі есепте әрбір қатысушының жауабы туралы толық талдау келтірілген және оны кез келген уақытта алуға болады.

2. Quizizz онлайн платформасы. Бұл платформа тест жүргізуге және құруға арналған ыңғайлы интерактивті платформалардың бірі.

Quizizz онлайн платформасында педагог өзінің тест сұрақтарын құрып, оны жөндеуге және басқа пайдаланушылармен, оның ішінде, студенттермен бөлісуге мүмкіндігі бар.

Студент өзінің интернетке кіру мүмкіндігі бар құралдары арқылы (компьютер, смартфон және т.б.) берілген пин-код пен аты-жөнін енгізе отырып, белгіленген уақыт аралығында тест тапсыра алады.

Тест тапсыру уақытын педагог тағайындайды.

Студенттен тіркелу талап етілмейді: викторина коды мен аты-жөнін енгізу жеткілікті.

Quizizz жүйесінде викторинаны қалай құруға болады?

Алдымен quizizz.com сайтына кіру қажет.

Quizizz пайдаланушыға әртүрлі тест сұрақтарын құруға мүмкіндіктер береді:

- үлкен таңдау - жабық тест - келтірілген жауап нұсқаларының ішінен дұрыс жауап ретінде тек біреуін ғана таңдау;
- жалауша - пайдаланушы бірнеге дұрыс жауап нұсқаларын көрсете алады (мысалы, берілген 8 жауаптың ішінен 5 дұрыс жауапты таңдау);
- бланкты толтыру - мұнда студент берілген сөйлемді аяқтау тәрізді тапсырманы орындайды (мысалы, терминді анықтау және т.б.);
- ашық сұрақ - студент берілген сұраққа жауапты өзі жазады.

Сұрақтың типін құру барысында да, жөндеу барысында да өзгертуге болады.

Мұнда бланкты толтыру түріне мысал келтірілген. Бірінші жолда - сұрақ, одан кейін - дұрыс жауап, одан кейінгі жолдарда осы сұрақтың баламалы жауаптары жазылады.


Quizizz қатысушылардың викторинаға берген жауаптарының нәтижесі туралы барлық мәліметтер мен статистика **Есептер** бөлімінде орналасады. Пайдаланушы, яғни оқытушы студенттердің сұрақтарға берген жауаптарын, дұрыс жауаптар санын және т.б. қадағалап отырады. Сонымен бірге статистикалық мәліметтерді кез келген уақытта Excel файлы түрінде жүктеп алуына болады.

3. Quizlet платформасы. Бұл тест сұрақтарын жылдам құруға арналған онлайн платформа. Бұл платформада жаттықтыру жұмыстарын өте жақсы жүзеге асыруға болады. Тест тапсырмаларын жүйе өзі автоматты түрде құрады, мұғалімнен тек тест сұрағын енгізу ғана талап етіледі. Жүйе төрт түрлі тест сұрағын құрады және пайдаланушы қанша сұрақ енгізсе де, оның ішінен 20-н кездейсоқ түрде таңдап алып, енгізілген терминдер мен ұғымдардан төрт түрлі тест құрады. Атап айтқанда,

- 'Ашық тест; 'Жабық тест (көп нұсқаның бірін таңдау);
- 'Сәйкестілікке тест; 'Ақиқат немесе жалғанды анықтау

Бұл платформаның бірқатар қызметі ақылы болып табылады. Дегенмен жаттықтыру жұмыстарын жүргізуге тиімді платформа.

Қорыта келгенде, цифрлық ресурстар оқу материалын меңгерудің барлық кезеңін бақылауға және бағалауға мүмкіндік береді. Аталған цифрлық ресурстардағы сақталған есеп студенттердің оқу нәтижелерін талдап, біліміндегі олқылықтарды толтыруға көмектеседі (1 суретке сәкес).



Сурет 1 Quizlet платформасы

Ақпаратты жинау, өңдеу, жіберу мен сақтаудың заманауи құралдары – қазіргі таңда компьютерлік ақпараттық жүйелер. Педагогикалық практикада қолдануға жеткіліксіз, орасан зор мүмкіншіліктерге ие болады. Сонымен қатар технологияны оңтайлы қолдануды ізденіс ретінде оқу, тәрбие және ұйымдастырушылық үрдісте автоматтандырылған жүйесі бар, білім беру үрдісінің сапасын жоғарылатуда жаңа ақпараттық жүйелерді жасау, мамандарды дайындауда жоғары деңгейге шығаруға болады. Білім беру ортасының компьютерлік ақпараттық жүйелерді қолдану технологиясы педагогикалық технологияның органикалық бөлігі болуы қажет, ал автоматтандырылған жүйені қолдану дидактикалық үрдістің құрылымын бұзбай, оның тиімділігіне әрекет етіп, тіркеумен тығыз байланысты.

Бірақта оқыту технологиясында бағдарламалық құралдарды қолдану артықшылықтарын қарастыру үшін ең алдымен автоматтандырылған ақпараттық жүйелерінің мүмкіншіліктерін қарастыру қажет. Заманауи қоғамда ақпараттық технологияларға және оның мүмкіншіліктеріне бейімді қатынас және олардың ойлау ортасындағы мүмкіншіліктері дәлелденбеген эйфория диапазонын қамтиды, техникалық құралдардың шектеусіз мүмкіншіліктері сенім және олардың терең күмәншілдікке дейін жүзеге асыру, автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді қолдану пайдасын терістеу. Заманауи ақпараттық жүйелердің негізгі мүмкіншіліктері: үлкен көлемді ақпараттарды ұзақ мерзімде сақтау (заманауи винчестерлер оншақты гигабайт сақтау сыйымдылығына жетеді); біруақытта тапсырмаларды орындау мен бағдарламалар арасында ақпарат алмасу (көптапсырмалы операциялық ортаға сәйкес); түрлі ЭЕМ ақпарат алмасу (бұл үшін есептеуіш желіні біріккен болуы қажет); ЭЕМ арасында ақпарат алмасу мен компьютерлік техникалық құралдар (видеокамера, теледидар және т.б.) түрлі

формада көрсетілген ақпаратты формалдандырылған өңдеу (сандық, кесте, мәтіндік, графикалық, дыбыстық және т.б.);

Сонымен, заманауи ақпараттық жүйелердің сандық мүмкіншіліктері кең екендігін сенімді түрде айтуға болады, бірақ, өкініштісі, сапалық мүмкіншіліктерін айта алмаймыз. Техникалық ақпараттық жүйелерге түрлендірілген ақпараттық үрдістерді ғана сенуге болады. Сондықтан қазіргі таңда адамның интеллектуалды мүмкіншіліктерін қолдануда ұтымды үйлестіруді іріктеу міндеті мен білім беру мекемелерін басқару мен оқу үрдісіне арналған автоматтандырылған жүйенің техникалық мүмкіншіліктері болып табылады. Білім беру саласында техникалық ақпараттық жүйелерді қолдану жағдайын қарастырайық.

Ақпараттық технологиялар басқаларына қарағанда, автогенеративті болып табылады, яғни, өзінің жеке дамуын туғызып, ынталандырады, және білім, білім беру, мәдениет, ғылым даму мен әлеуметтік модернизациялауға салыстырмалаусыз әсер етеді. Әдеби және деректі мәліметтерді талдау (педагогикалық практика) көрсеткендей: педагогикалық ғылым бойынша маңызды жұмыстар санын автоматтандыру, диагностикалық, бақылаушы, педагогикалық бақылау қызметтерін оқу мен мотивациялауға арналған. Осы бағытта педагогикалық ғылым мен практика бірқатар нәтижеге жетті. Расында айтылғандай: мультимедиялық оқыту-бақылау жүйелер; технологиялық оқулықтар, электронды оқу материалдары, студенттің үлгерімін есепке алатын электронды журналдар; жасанды интеллект элементтерімен ақпараттық-білім ортасы; автоматтандырылған дидактикалық жиынтығы; адаптивті компьютерлік тестілеу және т.б. Қазіргі таңда тесттерді құруға мүмкіндік беретін, аспаптық бағдарламалық құралдарды жасауға ерекше назар аударылады.

Қазіргі кезде оқыту үрдісін автоматтандырып, білімді бақылау бірге құрылған қызметті жүзеге асыратын бағдарламалық жиынтықтар құрылған. Педагогикалық бақылау немесе білімді диагностикалауға арналған бағдарламалық өнімді жасауға аз уақыт бөлінбейді.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Халықова К.З. Дистанциялық білім беру мәселелері// Материалы IX Международной научно-практической конференции «Психолого-педагогические проблемы образования в условиях инновационного развития (05 мая 2020 г.)»// Алматы: Университет «Туран», 2020. –568 с.- 635-641 бб.

2. Проблемное обучение : основные вопросы теории / М. И. Махмутов; АПН СССР. - М. : Педагогика, 1985.